

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің департаменті тартқан мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 қыркүйек N 969

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.25. N 1366 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.18. N 1267 қаулысымен

Дефолт фактісіне жол бермеу, сондай-ақ Германия несие желісі шеңберінде мемлекеттік кепілдікпен тартылған мемлекеттік емес заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚР ӘМ ҚАЖК) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің құқықтық мұрагері ретінде Германия несие желісі шеңберінде тартылған мемлекет кепілдік берген заемдар жөніндегі ҚР ӘМ ҚАЖК міндеттемелерін ҚР ӘМ ҚАЖК түзеу мекемелерінің "Еңбек-Гранит" және "Еңбек-Алмаз" (бұдан әрі - "Еңбек-Гранит" РМК, "Еңбек-Алмаз" РМК) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР ӘМ ҚАЖК мен "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" АҚ), "Еңбек-Гранит" РМК, "Еңбек-Алмаз" РМК арасында келісім жасасуын қамтамасыз етсін, онда:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджетті орындау және есептілік нысандарын (кезеңдік және жылдық) жүргізу жөніндегі қаржы рәсімдері ережесіне сәйкес сыйақы есептеле отырып, 2002 жылдан 2017 жыл кезеңіне 1995 жылғы 9 тамыздағы N 22-3/11 және 1996 жылғы 2 қазандағы N 0000016 мемлекеттік кепілдіктердің орындалуына байланысты республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты "Еңбек-Гранит" РМК-ның, "Еңбек-Алмаз" Р М К - н ы ң қ а й т а р у ы ;

Республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерді "Еңбек-Гранит" РМК-ның, "Еңбек-Алмаз" РМК-ның орындауын қамтамасыз етуі мақсатында тиісті кепіл к е л і с і м н і ң р е с і м д е л у і ;

"Оңалту және активтерді басқару компаниясы" АҚ агенттік сыйақысын "

Еңбек-Гранит" РМК, "Еңбек-Алмаз" РМК қаражаты есебінен төлеу көзделсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК